

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Топтерек бастауыш мектеп-бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі



Коммунальное государственное учреждение «Топтерекская начальная школа-ясли-детский сад» отдела образования по Курчумскому району управления образования Восточно-Казахстанской области

БҰЙРЫҚ
30.09.2025ж
Топтерек ауылы

ПРИКАЗ
№ 6
с. Топтерек

Тамақтанудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуі және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қаңтардағы №398 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 24 мамырдағы №231 бұйрығының 1-қосымшасы 2-тарау 3-параграфының 109 тармақшасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы №12 наурыздағы №320 қаулысымен бекітілген «Әлеуметтік көмек көрсетіп қамтамасыз етуге және оны беру қағидаларын» мен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптары» санитарлық қағидаларын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. **2025-2026** оқу жылында мектеп асханасы өз қызметінде санитарлық талаптарды сақтауын қадағалау және білім алушыларды мектеп асханасында тамақтандыру жүйелі түрде ұйымдастыру мақсатында тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі (бракераждық) комиссия (әрі қарай-комиссия) құрылсын.
2. Комиссия төменгі құрамда бекітілсін:
Оралбаева Ж.К. – мектеп директоры, комиссия төрағайымы
Мустафинова Т.Т. – мектептің шаруашылық меңгерушісі, кәсіподақ ұйымының төрайымы
Қабдрахметов А– қамқоршылық кеңес төрағасы
Ниязбаева Г – ата-ана, қамқоршылық кеңес мүшесі
Қабаж Ж. – медициналық қызметкері (келісімімен)
3. **2025-2026** оқу жылына комиссияның жұмыс жоспары құрылып, бекітілсін.
4. Комиссия мүшелерінің атқарылатын функционалдық міндеттері бекітіліп, мүшелерге жеке таныстырылсын.
5. Тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына тоңазытқыш-технология жабдықтарының жарамдылығына азық-түлікпен дайын тағамды сақтау мерзімдері мен жағдайларын сақталуына комиссия тарапынан апта сайын мониторинг жүргізілсін.
6. Мониторинг нәтижелері бойынша акт ресімделіп, тексеру нәтижесі комиссия отырыстарында қаралып, жалпылансын.

7. Комиссия жұмысының қорытындысы тоқсан сайын педагогикалық кеңесте қаралып, ақпараты білім беру ұйымының интернет-ресурсына орналастырылсын.

Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Негіздемесі: өндірістік қажеттілік

Шығыс Қазақстан облысы білім
басқармасы Күршім ауданы
бойынша білім бөлімінің «Топтерек
бастауыш мектеп-бөбекжай-
балабақшасы» КММ
директорының м.а.



Ж.К.Оралбаева